



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті 2023 жылдың 25-26 сәуірінде «БВ01701– Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша ҚР жоғары оқу орындары студенттері арасында ұлы Абайдың дәстүрін жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына орайластырылған XV Республикалық пән олимпиадасын өткізеді.

Олимпиаданың өткізілу мақсаты – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алатын студенттердің әдеби-тілдік, ғылыми-танымдық, әдістемелік білімдерін анықтап, ақыл-ой әлеуетін тереңдетуге бағыт беру.

Олимпиаданың өткізілу міндеттері:

- студенттердің оқу-танымдық, ғылыми-зерттеулік жұмыстарын ынталандыру;
- кәсіби-тұлғалық әлеуетін, өзіндік сана-сезімін, шығармашылық қабілеттерін ашу;
- өздерін тануға, сенімді болуға үйрету;
- азаматтық ұстанымдарын тәрбиелеу;
- дарынды студенттерді танып, оларға қолдау жасау;
- қазақ тіл білімі, әдебиеттану, әдістеме бағыттары бойынша теориялық білімдерін бағалау;
- білімдік және тәжірибелік дағдыларын, пәндік құзыреттіліктерін сараптау;
- білім беру жүйесін жетілдіруде кәсіби қатынас қалыптастыру.

Қатысушылар: Олимпиадаға жоғары оқу орындарының «БВ01701– Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3-4-курс студенттері (1 топта 3 студенттен) қатыса алады.

Олимпиаданың өткізілу кезеңі және тәртібі:

I. Ашылуы

II. Олимпиада кезеңдері:

1-кезең – «Қазақ тіл білімі», «Әдебиеттану» бойынша тест тапсырмаларын орындау.

2-кезең – Кешенді тілдік және әдеби-теориялық талдау

3-кезең – Сабақ беру үлгісін көрсету (20 мин)

III. Пәндік олимпиаданың жабылуы

Олимпиадада әр кезең нәтижесі күнбе-күн шығарылады. Қорытынды нәтиже жабылу салтанатында жарияланып, жеңімпаз топтар марапатталады.

Олимпиаданың өткізілу түрі: офлайн. Олимпиадаға қатысу және тіркелу тәртібі:

Олимпиадаға қатысу өтініміне қатысатын топ студенттері және жетекшінің аты-жөні жазылып, оқу орны ректоры қолымен, мөрмен расталып, бекітілуі қажет. Қатысу өтінімдері 2023 жылғы сәуірдің 13-іне дейін жіберілуі тиіс.

Ұйымдастыру комитеті: Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы. /Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасы/

Ұйымдастырушылардың байланыс телефондары:

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы/Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасы/

Мұқанова Қаршыға Қайроллақызы

тел.: +7 747 063 1069; эл.почта: mukanova.k@mail.ru

Түсіпбекова Ғалия Ауытқызы

тел.: +7 775 177 7373; эл.почта: autovna67@mail.ru

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттері арасында «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша өтетін

XV РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің арасында жыл сайын өтетін 6B01701— «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша республикалық олимпиада – білім алушылардың болашақ пән мұғалімі ретіндегі біліктілігін тануға және мамандығына қатысты тиісті құзыреттіліктерінің игерілуін анықтауына мүмкіндік беретін білімдік сайыстық шара.

Ереже республикалық пән олимпиадасы кезендерін өткізу және жеңімпаздарын анықтау үшін құрастырылды:

1. Пән олимпиадасын өткізу үшін ректор өкімімен ұйымдастыру комитеті құрылады.

2. Ұйымдастыру комитеті республикалық пән олимпиадасын өткізу Ережесін құрастырады.

3. Ұйымдастырушылар пән олимпиадасының өткізілу уақыты мен кезеңі, олимпиада талабы мен ұйымдастыру комитетінің байланыс мәліметі көрсетілген ақпараттық хат дайындап, республикамыздағы жоғары оқу орындарына ақпараттық байланыс құралдары арқылы жібереді.

4. Ұйымдастыру комитеті пән олимпиадасын өткізуді ұйымдастырады және техникалық байланыс жағын қамтамасыз етеді.

5. Ұйымдастыру комитеті республикалық пән олимпиадасының қазылар алқасын белгілейді.

6. Қазылар алқасының шешімімен пән олимпиадасы жеңімпаздары анықталып, тиісті дипломдармен, сыйлықтармен марапатталады.

Пән олимпиадасының өткізілу мақсаты – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің әдеби-тілдік, ғылыми-танымдық, әдістемелік білімдерін анықтап, ақыл-ой әлеуетін тереңдетуге бағыт беру.

Пән олимпиадасының өткізілу міндеттері:

- студенттердің оқу-танымдық, ғылыми-зерттеулік жұмыстарын ынталандыру;
- кәсіби-тұлғалық әлеуетін, өзіндік сана-сезімін, шығармашылық қабілеттерін ашу;
- өздерін тануға, сенімді болуға үйрету;
- азаматтық ұстанымдарын тәрбиелеу;
- дарынды студенттерді танып, оларға қолдау жасау;
- қазақ тіл білімі, әдебиеттану, әдістеме бағыттары бойынша теориялық білімдерін бағалау;
- білімдік және тәжірибелік дағдыларын, пәндік құзыреттіліктерін сараптау;
- білім беру жүйесін жетілдіруде кәсіби қатынас қалыптастыру.

II. Республикалық пән олимпиадасының өткізілу тәртібі

1. Республикалық пән олимпиадасы екі кезеңге бөлінеді:

Бірінші – іріктеу кезеңі:

«6B01701– – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша маман даярлайтын жоғары оқу орындарында іріктелген, құрамы 3 студенттен тұратын топ (команда) олимпиадаға қатысуға ұсынылып, құжаттары жіберіледі.

Екінші кезең - 3 бөлім бойынша өтетін негізгі пән сайысы.

2. Ескерту: Республикалық пән олимпиадасында 1-орынға ие болған жеңімпаз топ келесі оқу жылы «6B01701– Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша республикалық пән олимпиадасын ұйымдастыруға және өткізуге жауапты болады.

III. Республикалық пән олимпиадасын өткізу шарттары

XV Республикалық пән олимпиадасы үш кезеңнен тұрады:

1-кезең – «Қазақ тіл білімі», «Әдебиеттану» бойынша тест тапсырмаларын орындау.

2-кезең – Кешенді тілдік және әдеби-теориялық талдау

3-кезең – Қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен ұсынылған бір тақырып бойынша сабақ жүргізу (20 мин)

IV. Жеңімпаздарды анықтау шарттары

1. Республикалық пән олимпиадасының тапсырмалары ұйымдастыру комитеті белгілеген талаптар бойынша бағаланады:

2. Тест тапсырмалары қазақ тіл білімі (30 сұрақ) мен әдебиеттану (30 сұрақ) бойынша құрастырылады (барлық тест 2 дұрыс жауабымен).

Тест нәтижесі бойынша қойылатын ең жоғары ұпай саны – 60. Әр сұраққа 1 ұпай беріледі. (Тест тапсырмаларын команданың барлық қатысушысы орындайды).

3. Кешенді тілдік және әдеби-теориялық талдау

Қазіргі қазақ тілінің барлық саласы бойынша кешенді тілдік талдау (жазбаша, топтық сайыс). Топ мүшелері кешенді тілдік және әдеби теориялық талдауға 10 минут ішінде дайындалып, ауызша түрде өткізеді. Оны комиссия қарап, 10 балдық жүйемен бағалайды.

Бірінші және екінші кезең бойынша жоғары ұпай жинаған студенттер командасы келесі кезеңге жіберіледі.

Екі кезең бойынша жоғары ұпай жинаған командалардың 70%-ы ғана 3-кезеңге жіберіледі.

3. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің бірінен ұсынылған тақырып бойынша сабақ жүргізу – 20 мин. (Тақырыптарға студенттер алдын-ала дайындықпен келеді. Сабақ жүргізетін студент топтан жеребе бойынша таңдалып алынады).

Сабақты бағалауда назарға алынатын критерийлер:

1. Сабақ жоспарының үлгісі, оқу мақсатының сабақ тақырыбына сәйкестігі;
2. Педагогтік шеберлігі мен келбеті (ұйымдастырушылық әрекеті, уақытты ұтымды пайдалануы, т.б)
3. Тақырыптың білімдік мазмұнының игерілуі;
4. Сабақта оқыту әдістері мен тәсілдерін тиімді қолдана алуы, АКТ пайдалануы;
5. Білім алушылармен тиімді кері байланыс жүргізілуі.

Ұсынылатын тақырыптар:

1. Ш. Құдайбердіұлы «Жастарға» өлеңі (8-сынып).
2. Ш. Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны: (8-сынып).
3. А.Құнанбайұлы «Ескендір» поэмасы (10-сынып).
4. Бірге жазылатын сөздер емлесі (6-сынып).
5. Есімшенің сөйлемдегі қызметі (7-сынып).
6. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері (8-сынып).

V. Жеңімпаздар мен қатысушыларды марапаттау

1. Республикалық пән олимпиадасының жеңімпаздары командалық есеппен анықталады.
2. Республикалық пән олимпиадасы жеңімпазы болып командалық есепте жүлделі 1, 2, 3-орын алғандар есептеледі. Олимпиаданың негізгі кезеңінде ең жоғары ұпай жинаған топ жеңімпаз болып саналады.
3. Республикалық пән олимпиадасында берілетін жүлделі орын реті және саны:
 - 1 (бір) бірінші орын;
 - 2 (екі) екінші орын;
 - 3 (үш) үшінші орын.
4. Пән олимпиадасында 1, 2, 3-орын алған командалар 1, 2, 3-дәрежелі дипломдармен марапатталады. Басқа қатысушылар олимпиадаға қатысқаны туралы сертификатқа ие болады.
5. Білімі және танымы жоғары, өзіндік көзқарасы, сауаттылығы және ерекше көзге түскен команда мүшелері аталымдық арнайы алғыс хатпен марапатталады.

VI. Республикалық пән олимпиадасын қаржылық қамтамасыз ету

1. Қатысушыларды қаржыландыру жіберген ЖОО тарапынан қамтамасыз етіледі.
2. Республикалық пән олимпиадасын ұйымдастыру шығыны «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ тарапынан іске асырылады.

VII. Республикалық пән олимпиадасын өткізу уақыты

Республикалық пән олимпиадасын өткізу және жеңімпаздарын анықтау және марапаттау 2023 жылғы сәуірдің 25-26-сы аралығында өтеді. Пән олимпиадасы нәтижесі жабылу салтанатында жарияланады.

1-қосымша
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»
КеАҚ төрағасы-ректор Б.А. Ердембековке

(университет атауын жазу) ҚР жоғары оқу орындары студенттері арасында өтетін ұлы Абайдың дәстүрін жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына орайластырылған XV Республикалық пән олимпиадасына қатысу үшін «6B01701– Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша студенттер тізімі және құжаттарын жіберіп отыр:

№	Қатысушының аты-жөні	Мамандық атауы	Курс	Байланыс телефоны
1		6B01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті»		
2		6B01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті»		
3		6B01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті»		

№	Топ жетекшісі (аты-жөні)	Мамандық шифры	Мамандық атауы	Қызме ті	Ғылыми дәрежесі	Байланыс телефоны	e-mail
1		6B01701	«Қазақ тілі мен әдебиеті»				

Ректор

Өтінім ЖОО ректорының қолы және мөрімен бекітілуі керек.

Байланыс ақпараты:

Пән олимпиадасын өткізетін ЖОО мекенжайы:

Семей қаласы, Қашаған көшесі, 1; 233

[Жауаптылар:](#)

Мұқанова Қаршыға Қайроллақызы

тел.: +7 747 063 1069 ; эл.почта: mukanova.k@mail.ru

Түсіпбекова Ғалия Ауытқызы

тел.: +7 775 177 7373; эл.почта: autovna67@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

(университет атауы)

Ғылыми кеңес отырысының №... хаттамасынан

КӨШІРМЕ

20__ ж. _____ «...».

Тыңдалды: _____
_____:

6B01710 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша:

1. (студенттің аты-жөні)
2. (студенттің аты-жөні)
3. (студенттің аты-жөні)

Ғылыми жетекші: (оқытушының қызметі және аты-жөні)

Шешім: Республикалық пән олимпиадасына қатысуға бекітілген студенттерді
ұсыну:

1. (студенттің аты-жөні)
2. (студенттің аты-жөні)
3. (студенттің аты-жөні)

Ректор

Ғылыми хатшы

Ескерту: Хаттама мәтіні еркін.

XV Республикалық пән олимпиадасына қатысатын студенттер және топ жетекшісі туралы

Мәлімет

Қатысушылар:

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты
4. Мамандығы, курсы

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты
4. Мамандығы, курсы

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты
4. Мамандығы, курсы

Ғылыми жетекші:

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты
4. Қызметі
5. Байланыс телефондары (телефон, e-mail)

Ғылыми жетекші қолы

Қатысушылар қолы

- 1.
- 2.
- 3.